


# Педиатрия пәні

Тақырыбы:  
**ЖЕЛ ШЕШЕК**



# ЖОСПАР:

- ◆ Жел шешек ауруының анықтамасы
  - ◆ Этиологиясы
  - ◆ Эпидемиологиясы
  - ◆ Патогенез
- ◆ Клиникалық көрінісі
  - ◆ Емі
  - ◆ Күтімі
  - ◆ Алдын алу
- ◆ Ошақтағы шаралар
  - ◆ Тапсырмалар





# Жел шешек

Жел шешек-жүгу белсенділігі жоғары, тері және шырышты қабаттарында сулы бөртпелердің пайда болуымен сипатталады.




# Этиологиясы

Ауру қоздырғышы-вирус, сыртқы ортада төзімсіз, ұшпалық қабілеті айқын, ауа арқылы оңай таралады.



*Varicella Zoster -  
возбудитель ветрянки*



# Эпидемиологиясы



Арудың көзі-жел шешек немесе белделмелі лишаймен ауратын адам. Арудың жасырын кезеңі соңынан және бөртпенің соңғы жаңа элементтері пайда болуынан 5 күнге дейін жұқтыру қаупі зор.




Арудың таралу жолы-**ауа тамшы**

Жел шешекке сезімталдылық өте жоғары, көбіне 2-7жас аралығындағы балалар жиі аурады. Жел шешекпен ауырған балаларда тұрақты иммунитет пайда болады.

# Патогенез


Инфекцияның кіру қақпалары → жоғары тыныс жолдарының шырышты қабаты → Лимфа жолдары арқылы қоздырғыш → қанға өтеді де → терінің және шырышты қабатының эпителиальды клеткаларында бекиді, → эпителий бетінің өлі еттенуін (некрозын) тудырады.



# Клиникалық көрінісі

Жасырын кезең 11 күннен 21 күнге дейін жалғасады.  
Ауру алды көріністер (продрома) сирек болады:

- жалпы нашар сезіну
- субфебрильді температура



# Клиникалық көрінісі

## Бөртпе шығу кезеңі:


- ауру жедел дене қызуының көтерілуінен және бір мезгілде бастың шашты бөлігі, бет, дене және аяқ-қолдарда бөртпенің пайда болуымен басталады;
- бөртпе басында ақшыл қызыл түстес дақ (макула) түрінде болады, бірнеше сағаттан кейін папулаға, одан әрі везикулаға (көпіршік) айналады;
- алақан мен табанда бөртпелер болмайды;
- жел шешек көпіршігі бар камералы, дөңгелек немесе сопақша түрде, тескен кезде басылып қалады, инфильтрация негізі болмайды;
- бірініші тәуліктің соңында көпіршіктер кебеді, олардың орнында қызыл-қоңыр қабықтар пайда болады. Олар түскен кезде өзінен кейін тыртықтар қалдырмайды;
- бөртпелер бір мезгілде шықпайды, жеке “көтермелер” тәріздес, араларына 1-2 күн салып шығады. Сол себепті тері қабатында әр сатысында бөртпелерді көруге болады (таңба-папула-везикула--қабықша) бөртпенің полиморфизмдігі жел шешекке тән болады;
- бөртенің әрбір жаңа пайда болу толқыны дене қызуының көтерілуімен қосарланады;
- бөртпенің көп мөлшерде болуы терінің қатты қышуына себеп болады;
- жел шешектің бөртпелері ауыз, мұрынжұтқыншақ, көз, сирек жағдайда өңеш пен жыныс мүшелерінің шырышты қабаттарында болуы мүмкін.



**қабыршақ**

**везикула**

**макула**



1. Емі үй жағдайында өтеді.
2. Госпитализация эпидемиялық көрсеткіш бойынша жүргізіледі
3. Симптомдық. Бөртпе элементтерінің инфекцияға қарсы жүргізілетін шараларының маңызы зор.
4. Элементтер жақсы кебу үшін: 1% бриллиант жасылы, 5% калий перманганаты, метил көгінің сулы ерітіндісімен өндейді.
5. Бөртпе шырышты қабаттарға шыққан жағдайда-ауыз қуысын фурацилин ерітіндісімен шаяды; дезинфекциялық ерітінділермен тазалайды.
6. Бөртпелердің кебірсіну кезеңінде калий перманганатының әлсіз ерітіндісімен жалпы гигиеналық ванналар көрсетілген.
7. Ауыр жағдайларда, асқынулар кезінде антибиотиктер, иммуноглобулин, вирусқа қарсы препараттар мен кортикостероидтар қолданылады.

# Күтімі



1. Ауру кезінде гигиеналық күтім қажет.
2. Төсек орын мен іш киім тазалығын сақтау, жиі ауыстыру керек. Баланың тырнақтарын қысқалап қию, қолдарының тазалығын бақылау қажет.
3. Ауыз бен көздің шырышты қабатын күтудің маңызы зор.



## АЛДЫН АЛУ

Баланы бөртпе шыққан күннен бастап 9 күнге дейін оқшаулау.



## ОШАҚТАҒЫ ШАРАЛАР:

- ❑ Аурумен байланыста болған 7 жасқа дейінгі балалар 21 күнге оқшаулауды қажет етеді.
- ❑ Қарым – қатынаста болғандарға күнделікті термометрия мен тексеру өткізу арқылы медициналық бақылау қойылады.
- ❑ Бөлмені мұқият желдетеді, сабын-сода ерітіндісімен ылғалды жинаулар жүргізіледі

# «Жел шешек» тақырыбына арналған тест сұрақтары

1. Продрома кезеңі сипатталады?

A. Ауыр интоксикациямен      B. қырысып тырысудан  C. Субфебрильді t

2. Жел шешекке тән белгі?

 A. Полиморфизмді      B. Қайталанатын ауру      C. Аурудан кейін тыртық қалады

3. Инфекцияның таралу жолы?

A. Тұрмыстық       B. Ауа тамшы      C. Лимфогенді

4. Аурудың жасырын кезеңі?

A. 9-11 күн      B. 2-9 күн       C. 11-21 күн

5. Жел шешек бөртпесіне тән белгі?

A. Алақан мен табанда бөртпе болмайды      B. таңбалы папулезді бөртпе  
C. Ұсақ нүктелі бөртпелер

6. Инфекцияның кіру қақпалары?

A. Парентеральді жолмен       B. жоғарғы тыныс жолдары  
C. Эпителий қабаты арқылы



# «Жел шешек» тақырыбына арналған тест сұрақтары

7. Жел шешекті арнайы алдын алу?

★ А. Жоқ

В. АҚДС

С. КПК

8. Баланың нашар ұйұтауына әсер ететін негізгі процесс?

А. Температураның жоғары болуы

В. Өзін-өзі күтудің жеткіліксіздігі

★ С. Терісінің қышуы

9. Баланы неше күнге дейін оқшаулау қажет?

А. 21 күнге

★ В. 9 күнге

С. Бөртпе толық қайту кезіне дейін

10. Элементтер жақсы кебу үшін қолданылады?

А. 3% асқын тотығы

В. 70% этил спирті

★ С. 1% жасыл бриллиант ерітіндісі



КЕЗЕКТІ ҮЙ ЖАҒДАЙНДАҒЫ БАҚЫЛАУҒА КЕЛГЕН КЕЗДЕ 12 АЙЛЫҚ БАЛАНЫҢ АНАСЫ СІЗГЕ СӘБИДІҢ ӨЗІН НАШАР СЕЗІNETІНІН АЙТЫП ХАБАРЛАДЫ. СІЗ ШЕШІNDІРІП, БАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫН ТЫҢДАУ БАРЫСЫНДА АЯҚ-ҚОЛДАРЫНДА ПАЙДА БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН АҚШЫЛ ҚЫЗЫЛ ТҮСТЕС ДАҚ БАЙҚАДЫҢЫЗ. ДӘЛ ОСЫНДАЙ ДАҚТАР БАСЫНЫҢ ШАШТЫ БӨЛІГІНДЕ БАЙҚАЛДЫ.

1. Сіздің дигнозыңыз?
2. Қандай шаралар қолданасыз?
3. Қандай ем қолданасыз?
4. Анасына қандай кеңес бересіз?

